

Мәдениетаралық коммуникациядағы тілдің рөлі

Тіпті бірдей тілді меңгере тұрып адамдар кейде бірін-бірі түсінбейді, бұған себеп мәдениеттің айырмашылығы.

Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаров
«Язык и культура».

Тіл - әр ұлттың қайталанбас байлығы, асыл қазынасы. Тіл бар жерде ұлт та, ел де, жер де бар. Сондықтан, әрқайсысымыз өз ұлтымызды тіл арқылы бүкіл әлемге танытып, тіл арқылы басқа да салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптарды, тарихты, мәдениетті үйренеміз. Тіл жоқ жерде ұлт жоқ. Елбасымыз: «... Адамзат тарихында тіл жай қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – саяси, экономикалық өктемдіктің де басты құралы болып келді» – деп, ал, Бауыржан Момышұлы: «Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры» – деп баға береді. Тіл қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна.

Ал мәдениет дегеніміз не? Мәдениетті шығу тарихынан қозғайтын болсақ, латынның «cultura» - өңдеу, егу деген сөзінен шыққанын білеміз. Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең.

Демек, мәдениет - әлемді қабылдау құралы, сондай -ақ сол әлемнің құрылымы. Онда әр халықтың тарихының өзгешелігін танытатын бірегей, айрықша сипат бар.

Мәдениетке байланысты барлық мәселелердің өзектіленуі қазіргі таңда айтқысыз жоғарылады. Әр түрлі ұлттардың мәдениетін үйренуге деген қызығушылық артты. Арнайы мәдениеттану бойынша түрлі ғылыми кеңестер ашылды.

Мәдениетаралық коммуникация екі құрамдастан – тіл мен мәдениеттен тұрады. Тіл – халықтың барлық сөздерінің жиынтығы және өз ойын жеткізу үшін берік үйлесуі. Тіл – индивидтер арасында қатынас құралы ретінде қызмет етуге жарамды белгілердің түрлі жүйесі. Тіл – белгілі бір адамдар ұжымының мүшелерінің негізгі және аса маңызды қатынас құралы болып табылатын төл семиологиялық жүйелерінің бірі, ол үшін бұл жүйе сондай-ақ ойды дамыту мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің құралы.

Тіл – коммуникация мақсатында қызмет ететін және адамның әлем туралы білімімен түсінігінің бүкіл жиынтығын айтуына қабілетті дискретті (анық айтылатын) дыбыстық белгілерінің адамзат қоғамында стихиялық туындаған және дамушы жүйесі. Кез келген халықтың мәдениетінде тілдің мәні өте зор. Мәдениеттануда тілдің мәні былай бағаланады:

- Мәдениеттің айнасы, онда адамның маңайындағы нақты әлем ғана емес, халықтың менталитеті, ұлттық мінезі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, моралі, нормалар мен құндылықтар жүйесі, әлем суреті көрінеді;

- Мәдениеттің көзі, онда белгілі халықтың жинақтаған барлық білімі, шеберлігі, материалдық және мәдени құндылықтары оның тілдік жүйесінде – фольклорінде, кітаптарында, ауызша және жазбаша сөздерінде сақталған;

- Мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріледі, яғни тіл мәдениетті жеткізуші.

- Қоршаған әлем объектілерін салыстыру, ол туралы мәліметтерді жіктеу мен реттеу әдістерінің бірі;

- Адамның қоршаған орта жағдайына бейімделу амалы;
- Объектілерді, құбылыстарды және олардың ара қатынасын дұрыс бағалау құралы;
- Адам қызметін ұйымдастыру мен үйлестіру амалы;
- Тіл арқылы өз халықының менталитетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, сол сияқты әлемнің ерекше мәдени бейнесін қабылдайтын адам тұлғасын қалыптастырушы мәдениет аспабы.

Тіл әлеуметтік – мәдени фактор ретінде адамдардың тәжірибесін жасақтау мен ұйымдастыруға да елеулі дәрежеде ықпал етеді. Бұл жалпы мәдениет тәрізді көпшілік қабылдаған мәнді тудырумен түсіндіріледі. Қатысушылары қабылдайтын, қолданатын және соларға түсінікті мағыналар барда ғана коммуникация мүмкін болмақ. Алайда мұндай “жалпы қабылданған мәннің болуы”, әдетте, бір (жалғыз) тілдің шегінде өткеріледі. Тілдің тағы бір өте маңызды функциясын – адамдардың белгілі бір әлеуметтік мәдениет, этникалық қауымдастық шегінде түсіну функциясын айқын көрсетіп береді. Араласу мүмкіндігі, бір жағынан, әлеуметтік топ мүшелерінің ынтымақтасуына ықпал етеді. Ортақ тіл адамдарды біріктіреді. Екінші жағынан, ортақ тіл сол тілде сөйлемейтіндерді шеттетеді.

Мұндай факт, дегенмен, басқа тілге қатысты емес, оның мағыналары ана тілінде немесе үйреншікті тілде сөйлейтін коммуникация мүшелеріне белгісіз немесе толық ұғынықты бола бермейді. Осы тұста адам қолданатын ұғымдарда, мағыналарда, ойларда ұлттық мәдениеттің ұлттық тіл айрықшылығының таңбасы айқын көрінеді.

Қазіргі заманғы тіл білімінің негізін қалаушы В.Гумбольдт үшін тіл «адамдардың қоғамдағы сыртқы қатынас құралы» ретінде емес, «олардың (адамдардың) рухани күшінің дамуы мен дүниетанымының қалыптасуының» аспабы, әлемді тану құралы ретінде шыққан. Демек, Гумбольдт гносиологияны, танымды тілдің жетекші функциясы деп есептеген.

Тіл мәдениеттің ең маңызды санаттарының бірі болып саналады, мәдени ақпараттардың берілуі тек тілге байланысты. Бір кездері тіл жүйесін меңгермеген адамдар үшін бөгеу болғандықтан өзіндік код болып аталған.

Ұлттық-ерекшелік компоненттері арасында бірінші орынды тіл алады. Сонымен қатар тіл мәдениет құралы болғандықтан шет тілін білу ұлттық мәдениеттің бай мұрасымен, елдің, халықтардың әдеп-ғұрпымен терең танысуға мүмкіндік береді және қарым-қатынас үдерісін жеңілдетеді.

Зерттеушілер қазіргі таңда жер бетінде қаншама тіл, қаншама диалектілер барын анықтаса, әлемнің тілдік картасын зерделегенде тек біршама елдердің ғана тілдік қарым-қатынастары бірдей болып табылған. Көптеген елдерде әртүрлі топқа жататын, әртүрлі тамыры, табиғаты және тарихы бар тілдерді табуға болады. Қазіргі кезеңде барынша кең тараған халықаралық қатынаста және бизнесте тұғыры биік болып тұрған ағылшын тілі. Ағылшын тілінің көтерілуі қазіргі әлемнің ақпараттық технологиялармен ғаламдық өзгеруіне байланысты. Қазір Internet қолданушыларының барлығына ағылшын тілі виртуалдық қарым-қатынас үшін маңызды болып табылатыны белгілі. Зерттеушілердің пікірі бойынша қазіргі таңда әлемнің жартысынан астамы халықаралық және іскери хаттарын ағылшын тілінде жазады.

Мәдениетаралық коммуникация үшін тіл маңызды фактор, қарым-қатынас құралы болып табылатынына тоқталдық, дегенмен тіл қарым-қатынас үшін белгілі бір бөгеу болуы мүмкін. Көркем, философиялық мәтіндерді аудару өте күрделі екені жалпыға белгілі. Аудару үдерісінде шығарманың тереңдігі, дүниені танымы, мән-мағынасы жоғалады.

Қазіргі зерттеулер тілдердің темпінің ерекшеліктеріне, кәсіби, әлеуметтік, жас ерекшелігі тұрғысындағы әртүрлі топпен сөйлесуде тиісті лексиканың қолданылуы сияқты ерекшеліктерді зерттеуге бағытталған. Европа мәдениетінде сөйлемей (үндемей) және сөйлесуді тоқтату дұрыс тәрбие берілмегендік, әдепсіздік болып саналады. Ал басқа

көптеген халықтар мәдениетінде керісінше, дұрыс таныс емес адаммен әңгімелесу қауіпті нәрсе секілді қабылданады. Оларда әңгімелесу адаммен жақын танысудың тәсілі болып табылмайды. Ал, қазақ халқында «адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше», «қазақ сұрай-сұрай келе қарын бөле болады» - деген түсініктер бар. Бұл біздің мәдениетіміздің ерекшеліктері.

Тағы бір деректерге сүйенсек, мәдениетаралық коммуникация аясында лингвистикалық зерттеудің дербес дамуында қарым-қатынастың маңызды факторы ретінде дискурстық зерделеу мәселесі бар. Бұл шетел зерттеушілерінің атап айтқанда Рона және Сюзан Сколлонның «Межкультурная коммуникация: дискурсивный подход» еңбегінде қарастырылған. Мұнда бір тақырыпты практикалық тапсырма мәдени сипаттың айтып-жазылу факторларымен айтарлықтай ерекшелікке ие екені белгілі болды. Мысал ретінде Шығыс Азия мен Еуропалық арнайы қызметтер өкілдерінің түрлі мәнерінде жазылған іскери хаттарды алуға болады.

Азия елдерінде хат жазу себептер, жағдаяттар, факторларды жазумен басталып, ал қорытынды бөлімі ұсыныс, талаптарын жазумен аяқталады. Ал Еуропалық дәстүрде және солтүстік америкалық іскери жазбаларда хат ұсыныстар мен талаптарды жазумен басталып әрі қарай дәйектеледі. Еуропалықтар мен американдықтар үшін шығыс стиліндегі іскери жазбалар қолайсыз, түсініксіз болып саналады.

Өзге ел мәдениетін терең түсінуге, өзара түсіністікке тілдің ықпалы зор. елдер арасындағы өзара әрекеттестіктің дамыған заманында қызметкерлердің өзара түсінбестігі проблемалар тудыруда. Мысалы, еуропалық оқу бойынша 11/12/08 мерзімі 2008 жылғы 11 желтоқсан болып оқылса, американдықтар бұл хабарламаны 2008 жылғы 12 қараша деп оқиды. Біздің елімізде жыл мезгілдері төртке, әрбірі 3 айдан бөлінсе, ағылшындықтар дәстүрінде де жыл мезгілдері төртке бөлінеді, алайда айларының саны әр түрлі. Қыс пен жаз төрт айдан соған сәйкес күз бен көктем екі айдан бөлінген. Көктемгі мамыр айы жазға қосылса, қараша айы қысқы ай болып саналады. Мұндай мысалдар мәдениетаралық тіл аспектілеріне байланысты проблемалардың бар екенін көрсетеді.

Тілде қолданылатын әрбір сөз белгілі мәдени мәнмәтіннен шығады және әрбір мәдениет үшін ерекше мән мен мағынасы бар. Мысалы, индустар үшін «сиыр» сөзі тек жануар ғана емес, қасиетті, рухтың белгісі болып табылады.

Өзге ел мәдениетімен танысуға студенттердің шет тілдерін үйренуінің ықпалы зор. Шет ел тілін меңгерген тұлға сол елдің мәдениетін, тарихын кітаптар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тани алады. Сабақ беру барысында оқытушының шеберлігі, жан-жақты ізденуі, берілген дәрісті тартымды өткізіп студенттер қызығушылығын ояту, өз елі мен тілін үйреніп жатқан ел мәдениетінің айырмашылықтарын салыстыру студенттердің дүниетанымын арттырады.

Бүгінде шет тілін үйренушілердің саны заман ағымына қарай едәуір артты. Түрлі әдістемелер қарастырылып, қарқынды түрде ағылшын тілін меңгерушілерге түрлі тәсілдер ұсынылуда. Қазіргі әлеуметтік желілердің қызып тұрған шағында, шет тілін оның ішінде халықаралық тіл болып табылатын ағылшын тілін тез үйренуге мүмкіндік зор. Ағылшын тілінің оқытушысы студентіне қосымша тапсырмалар бергенде, әр түрлі нысанда болғаны абзал. Мысалы ағылшын тіліндегі жеңіл киноларды көру, ағылшын сөзіне құлағы үйреніп, айтылуының дұрыс жолын, лексикасын біршама біліп қалады. Ол үшін субтитрі бар, көруге оңай кинолардан бастағаны дұрыс. Сол арқылы күрделі киноларды көруге икемделіп, субтитрді қажет етпейтін де болады. BBC арнасының жаңалықтарын көруге сілтеме жасау. Бұл да сіздің еңбегіңіздің жемісті болуына, студенттеріңіздің жақсы көрсеткіштер көрсетуіне ықпал етері анық. Ғаламтор желісінде жаңалықтар мен кинолардан басқа ағылшын тілін үйрену сабақтары бар. Аталған сабақтар жетіп артылып жатыр. Күніне қаншама ерікті адамдардың оқып үйренуі үшін материалдар қосып, үсті-үстіне үстемелеп жатады. Солардан сабағыңыздың тақырыбына сәйкесін қарап, материал жинап келуге бұйырыңыз. Мұндай тапсырмалар студенттің тіл үйреніп қана қоймай, еріксіз өзге ел мәдениетімен танысуына, керегін санасына түйіп, зерделеуіне көмектеседі.

Тапсырманың қарапайым түрлерінің бірі, дегенмен тиімділігі жоғары болып табылатыны қосымша кітаптар оқу. Кітап болғанда да тілі жеңіл, тұрмыстық кітапты айтып отырмыз. Бұндай кітаптардың пайдасы ағылшын тілін үйренушілерге аз тимепті. Оны санамалып жеткізе алмаймыз. Шет елдегі қандастырымыздың «Абай жолы» романын оқып, роман өз елінің тарихын, мәдениетін, әдеп-ғұрпын білуілеріне үлкен ықпал еткенін көп естиміз. Абай атамyzдың: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге!»- деген ұлы сөзін ұран етіп, қолда бар мүмкіндіктерді барынша пайдаға асырып, бәсекеге қабілетті елдің өнегелі ұрпағын тәрбиелеп өсіруге тырысу біздің міндетіміз.

Қорыта келсек, қазақ халқы: «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» - деп өз ұрпағына тәлім берген. М. Әуезов: «Кімде – кім қазіргі уақытта өз ана тілін, өзінің әдебиетін, мәдениетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» - дейді. Француз жазушысы Л.Вовенаргтың: «Өзін құрметтейтін адам өзгеге де құрметті болады» -деген қанатты сөзі бар, испан философы және теоретигі Грасиан-и-Моралес: «Өзіңді біреуге сыйлы еткің келсе, алдымен өз-өзіңді сыйлай біл» деген өсиеті бар, бұл қай елде болмасын, қай елдің мәдениетінде болмасын алдымен өз елінің құндылықтарын қадірлеуге үлкен мән берілетіндіктің айғағы. Еліміз тәуелсіздігін алып, құлашын кең жайып, өрістеген сайын, жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие мен білім беру мәселесінің қажеттілігі күннен-күнге арта түсуде. Сондай-ақ қазіргі заманғы білім берудің негізгі міндеті – студенттерді қажетті білім негізімен қаруландыру. Өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, саналы да белсенді студент қалыптастыру. Өзге тілді меңгере отырып, өз тілін құрметтейтін азамат тәрбиелеу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н. М. Боголюбова, Ю. В. Николаева «Межкультурная коммуникация и международный культурный обмен: учебное пособие»
2. Боголюбова Н. М., Николаева Ю. В. Культурный обмен в системе международных отношений. – СПб., 2003.
3. Головлева Е. Л. Основы межкультурной коммуникации. – Ростов н/Д., 2008.
4. Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М., 2000.
5. <http://kitaptar.com> сайты
6. kk.wikipedia.org сайты
7. Бурак А.П. Translating culture: перевод и межкультурная коммуникация: учебное пособие – М.: Р.Валент, 2002.